## ТАЛАПКЕРДІҢ ЖЕКЕ КАБИНЕТІНЕ ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ




Университеттің оқу бағдарламаларының талапкерлеріне арналған Талапкердің Жеке Кабинетін Университеттің веб-сайтының басқы беті www.nu.edu.kz арқылы немесе Қабылдау Департаментінің веб-сайты http://admissions.nu.edu.kz/ арқылы ашуға болады (Google Chrome, Mozilla Firefox, Internet Explorer 9 немесе одан да жоғары веб-браузер арқылы).




Кіру үшін Қолданушының атын және құпия сөзді басқы беттің жоғарғы сол жағында орналасқан **«Жүйеге кіру»** секциясына енгізіңіз.



Егер бұрын Университеттің веб-сайтында тіркелмеген болсаңыз **«Тіркеу»** сілтемесін басыңыз, содан соң **«Тіркеу»** терезесі ашылған соң керекті ақпаратты ағылшын тілінде енгізіңіз. Құпиясөз құру үшін келесі шарттарды сақтау қажет:

- Құпиясөз келесі бейнелерден тұра алады: A-Z, a-z, 0-9;
- Арнайы шарт-белгілерінен «!._-%()?[]`~»;
- Бос орын рұқсат етілмейді;
- Құпиясөз 5 бейнеден кем немесе 60 бейденен артық болмау керек.

Тіркелуді аяқтау үшін **«Тіркеу»** түймесін басыңыз. Тіркелу аяқталған соң электронды поштаңызды тексеріп, поштаңызға келген сілтемені шерту арқылы тіркелуді растаңыз.

Электронды поштаңызға келген растау хабарламасынан сіздің жеке кабинетіңіздің мағлұматтары және 9 саннан тұратын нөмірді (Талапкердің ID-і) таба аласыз. Бұл нөмір Қабылдау Департаментінің сізбен байланыс орнатуы ұшуін керек. Егер құпия сөзіңізді ұмытқан жағдайда «**Парольды ұмыттыңыз ба?»** сілтемесін басыңыз.

